"Қазақстандық заң консультанттары Палатасының»
Мүшелерінің жалпы жиналысымен
Бекітілген
(2020 жылғы 07 шілдедегі хаттама)

Қазақстан заң консультанттары Палатасының мүшелері
заң консультанттарының біліктілігін арттыру
СТАНДАРТЫ

Қазақстандық заң консультанттары палатасының мүшелері – заң консультанттарының біліктілігін арттыру Стандарты (бұдан әрі - Ереже) "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және заң консультанттарының біліктілігін арттыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

Заң консультанттарының біліктілігін арттыру қажеттігіне әркімнің білікті заң көмегін алуға Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген құқығын тиісінше қамтамасыз ету негіз болып табылады.

Заңның 12-бабына сәйкес, заң көмегін көрсету Стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік тәжірибелерін енгізу жолымен қамтамасыз етіледі.

Заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны жүзеге асыруға тиісті кәсіптік даярлығы бар және өз біліктілігін кезең-кезеңмен арттыратын тұлғалар жіберіледі.

Заңның 76-бабы 4-тармағының 13-тармақшасына сәйкес заңды консультант өзінің біліктілігін ұдайы арттыруға міндетті.

Заң консультанттарының біліктілігін арттырудың мақсаты қазіргі заманғы талаптарға сәйкес теориялық білім мен практикалық дағдыларды жаңарту, сондай-ақ бұрын алған білімдері мен дағдыларын одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заң консультанттарының біліктілігін арттыру үш жылда кемінде бір рет заң консультанттарын қызықтыратын мәселелер мен құқық салалары бойынша семинарларға/дәрістерге қатысу арқылы өткізіледі.

Заң консультанттарының біліктілігін арттыруды кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын, қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары, академиялар, ғылыми ұйымдар, біліктілікті арттыру институттары, меншік нысанына және ұйымдық құқықтық нысанына қарамастан заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары, сондай-ақ заңды тұлға құрмаған жеке кәсіпкерлер, біліктілікті арттыру орталықтары, өзге де біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ұйымдарын заң консультанттарының таңдауы бойынша жүзеге асырады.

Заң консультанттарының біліктілігін арттыруды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жазбаша шарт жасалады.

Заң консультанттарының біліктілігін арттыру заң консультанты таңдаған біліктілікті арттыру бағдарламасына/тақырыбына сәйкес жүзеге асырылады.

Бағдарламалардың мазмұнына/тақырыптардың күрделілігіне байланысты қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, Заң консультанттарының біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген нысанда жүзеге асырылады.

Заң консультанттарының біліктілігін арттырудың ұзақтығы мен тақырыбын таңдап алынған бағдарламаға байланысты заң консультанты дербес айқындайды, бірақ үш жыл ішінде алты академиялық сағаттан кем болмауы тиіс.

Біліктілігін арттырудан өткен заң консультанттарына курсты тыңдау / біліктілікті арттыру бағдарламасынан өту туралы сертификат/куәлік беріледі.